

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И
КРИМИНАЛИСТИКИ

**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ
ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
*атты Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне арналған жоғары оқу
орындарының арасындағы жыл сайынғы магистранттар мен
студенттердің ғылыми конференциясының*
МАТЕРИАЛДАРЫ

30 сәуір 2013 жыл

VII Шығарылым

МАТЕРИАЛЫ

*Ежегодной Межвузовской научной конференции
магистрантов и студентов, посвященной Празднику
единства народа Казахстана*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА,
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ»**

30 апреля 2013 года

VI Выпуск

Алматы қаласы

город Алматы

Проведение ежегодной межвузовской научной конференции и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»

Ответственный редактор

д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

Члены редколлегии:

к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина

к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов

старший преподаватель М.Е. Акболатова

магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

А__ **Актуальные** проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики: материалы ежегодной межвуз. науч. конф. магистрантов и студ., посвященной Празднику единства народа Казахстана. 30 апреля 2013 г. – Алматы: Казак университеті, 2013. - 212 с.

ISBN

В сборнике представлены научные доклады участников ежегодной межвузовской научной конференции «Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, проблемы гуманизации уголовной политики и другие.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами научного решения актуальных проблем уголовно-правовых дисциплин.

**УДК
ББК**

Сатыбалдина С.К.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
заң факультетінің 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А.А.

ТІНТУ ТАКТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тінту дегеніміз үй-жайды, қора-ауланы еріксіз түрде қарау арқылы іске қатынасы бар айғақ заттарды, тығылып қалған қылмыскерді тауып алу үшін жүргізілетін, заңда көрсетілген күрделі тергеу әрекеті. Тінтудің негізгі мақсаты болып — әдейі тығып қойған немесе тығулы тұрған айғақ заттарды арнайы тактикалық әдістерді қолдану арқылы тауып алу болып табылады. Кейбір авторлар тінту әрекетін жедел-ізвестіру әрекеті ретінде қарастырады. Тінтуді жедел-ізвестіру әрекеті деп санауға болмайды. Жедел-ізвестіру әрекеті, әрине тінту үстінде, тіпті тінту басталғанға дейін де жүргізіледі. Оның мақсаты — тергеушіге тінтуді сапалы жүргізуге керекті деректер тауып беру, атап айтқанда қандай зат қай жерде болуы жөнінде, тінтілетін адамда қару бар ма, жоқ па, тінтуді жүргізуге керекті мәліметтер жинап, тауып беру. Сондықтан жедел-ізвестіру жұмыстарын тінтумен тұтас күйде қарауға болмайды.

Тінтудің басқа тергеу әрекеттерінен айырмашылығы — оның еріксіздігі.

Тінтудің бірнеше түрлері болады. Ол — жеке адамды тінту, тұрғын үйді, жеке бөлмені тінту, ауланы немесе басқа ғимараттар мен нысандарды тінту.

Тінту алдында тергеуші арнайы дайындық жұмыстарын жүргізеді. Біріншіден, ол тінту жүргізілетін объект және үйі тінтілетін адам жөнінде керекті бағдарлық мәліметтерді жинап алу керек. Тінтілетін адам және пәтер болса, оның толық мекен-жайы, неше бөлмеден тұратыны, қылмыс ғимараттың қай қабатында жасалғаны, онда телефон бар ма, жоқ па, қанша адам тұрады, жеке үй болса ауласында не бар, қай мезгілде үйде кісілер болады, міне осының бәрі алдын ала анықталады. Тінтілетін адам жөнінде — оның мінез-құлқы, қаруы болу мүмкіндігі және оны сипаттайтын басқа да мәліметтерді жинап алу керек. Екіншіден, жедел-тергеу тобын құрған кезде алдын ала тінтуге қандай лауазымды адамдардың немесе мамандардың қатысуы керек екендігін анықтап алып, оларды қай жерге орналастыру қажеттігін келісу керек. Үшіншіден, тінтуге керекті арнайы техника құралдарын дайындау керек, айталық, темірден, не асыл металдан жасалған заттарды іздейтін құралдарды дайындау қажет [1].

Дайындық жұмыстары толық аяқталысымен тергеуші, жедел топқа кіретін адамдар тінтілетін үйге келеді. Осы тінтілетін жерге тосыннан, күтпеген мезгілде келу үшін де белгілі бір тактикалық әдістер қолданылады. Тінтілетін үйге жақындағанда жедел топтағы адамдар бөлініп, осы нысанға жан-жақтан жеке-жеке келуі тиіс. Үйге жақындар алдында үйдің маңайында

бөтен адамдар бар ма, жоқ па, соны абайлап қарау қажет. Тінтілетін пәтер көп қабатты болса, бір қабат жоғары өтіп кетіп, тосу керек [2].

Тінтудің тактикалық әдістері тергеу әрекетінің кенеттен, тосыннан жүргізілуіне негізделеді. Сондықтан тінтуге керекті деректер жиналысымен және дайындық жұмыстары бітісімен, кешіктірілмей дер кезінде жүргізілуі тиіс. Тосыннан, күтпеген жерден жүргізілген тінту арқылы ғана іс бойынша пайдалы және маңызды деректер, дәлелдемелер тауып алуға болады. Сондықтан тергеуші, әр түрлі тактикалық әдістер қолдану арқылы, тінтетін үйге күтпеген жағдайда, кенеттен кіру тәсілін ойластыруы керек. Үйге кіргеннен кейін тінтілетін адамды тінту жөніндегі қаулымен таныстырып, іске байланысы бар объектілерді тергеу орнына өз еркімен беру тінтілетін адамның міндеті екені айтылады. Тергеушінің бұл талабы бойынша олар кейбір нысанды (заттарды) тінтуге өз еркімен беруі де мүмкін.

Бұдан кейін жүргізілетін жұмыс — тінту нысанын жалпы шолып қарау, ауланы, бөлмелерді бақылап, дайындық үстінде алған бағдарлық мәліметтерге сәйкес пе, жоқ па, соны тексеру.

Жеке басты тінтудің өзі екі кезеңге бөлінеді. Әуелі, жалпылай тінтіп, бойында қару бар ма, жоқ па соны қарап, содан кейін басынан төмен қарай киімін, денесін ұқыпты, мұқият тексеріп шығу қажет. Қалтасынан табылған құжаттар, заттар арнайы алдын ала дайындалған жерге қойылып, кейін хаттамаға енгізіледі. Тінтуді, әрине сол тінтілетін адаммен бір жынысты адам жүргізуі тиіс. Тінтілетін адамның денесінде бинттелген, байланған жер болса оны шешіп көру үшін медицина мамандары қатыстырылып, бинтті шешу соларға жүктеледі.

Жалпылай шолудан кейін жеке объектілерді қарау кезеңі басталады. Тінтудің ойдағыдай табысты аяқталуы, оның белгілі бір тәртіппен, бағытпен жүргізілуіне, объектілерді қарау кезегін сақтауға, тағы басқа да тактикалық әдістердің толық және дұрыс қолданылуына байланысты.

Тінтуге кірісер алдында тергеуші нені іздеу керектігіне, қайдан іздеу керектігіне және қалай іздеу керектігіне айрықша назар аударады. Не іздеу керек екенін тергеуші тінтуге келер алдында анықтап, шешіп алады. Ал, қайдан іздеу керектігі тінтілетін нысанды (үйді, бөлмені) жалпы шолып қарағанда анықталады.

Не іздеу керектігін анықтаудың маңызы зор. Айталық, ізделетін нәрсе үлкен зат па, құжат па, ақша ма? Айғақ ізделетін жердің көлемі үлкен, іздеу жұмысы көпке созылатын болса, тінтуді сол ізделетін зат табылады-ау деген жерден бастау керек.

Тінтуге келгенде үйде қанша адам болса, бәрі де тінту біткенше орнында болуы тиіс, кетуге рұқсат етілмейді. Тек жұмыс бабымен келген адамдарға, айталық, укол салуға келген медбикеке, хат тасушыға, жөндеу жұмыстарын жүргізуге келген шеберге, өзінің кәсіби қызметіне байланысты келген тағы басқа адамдарға, олардың құжаттарын, куәліктерін тексергеннен кейін үйден кетуге рұқсат беріледі. Отбасы мүшелеріне, үй-іші, бала-шағаларға бір белгілі жер бөлініп (мысалы, жеке бөлме) тінту біткенше сол орында отыруды талап ету керек. Бірнеше бөлме болса, қай бөлмеден тінту бастау

керек екені бірден шешіліп, анықталуы тиіс. Кей жағдайда тергеуші өзі бір бөлмені тінтсе, екінші бөлмені тінту өзімен бірге келген полиция қызметкеріне тапсырылады. Тінтетін нысан тек бір бөлме болса іздеу есіктен басталып, қабырға бойымен бір бағытта оңнан солға, не керісінше жүргізіліп, одан кейін бөлменің ортасында тұрған объектілер қаралады. Табылған заттар алдын ала арнайы белгіленген, айталық, арнайы жеке үстелге кезек-кезегімен қойылады [1].

Тінту үстінде тінтілетін адамның көңіл-күйін, іс-әрекетін, психологиялық құбылысын бақылап, осының бәріне сын көзбен қарау керек, себебі мұндай жағдайда тінтілетін адам асып-сасып, заттың тығылған жерін өзі білдіріп қоюы мүмкін.

Мысалы, бір іс бойынша тінту жүргізілгенде үйде жалғыз тұратын, тінтілген бір сатушы әйел басында ашуы келіп, асып-сасып абдырай берген еді. Тінту ортасында бөлменің бір бөлігі тексерілгеннен кейін оның көңіл күйі көтеріліп, тінтіп жатқан адамдармен қалжыңдаса бастады. Тергеуші тінтілуші әйелдің көңіл күйінің өзгеруін байқап қалып, дер кезінде оған мән береді, тексерілген нысандарды тағы бір мұқият қарап шығуды жөн көреді, әсіресе, осы әйелдің тапжылмай тұрып алған төсек-орын тұсы сезік келтіреді. Айтқандайын, қайта тексергенде төсектің алмалы арқалығының қуысынан толған ақша, тергеуге қажет жалған құжаттар табылады. Міне, сөйтіп тергеуші тінтіліп жатқан адамның психологиялық көңіл күйіне дер кезінде дұрыс мән беруінің нәтижесінде іске керекті нысандарды тауып, тінтуді табысты аяқтайды. Сондай-ақ тінтуде бір нәтиже беретін тактикалық, психологиялық әдіс — "ауызша барлау". Бұл тактикалық әдістің мәні тергеуші өзінің көмекшілеріне нұсқау берген болып немесе ақылдасқан болып, ауызша тінтілушіге естіртіп, қай жерлерді, қай нәрсені, нендей нысанды мұқият қарау керек екендігін айтады. Сонымен бір мезгілде тінтілетін адамның психологиялық көңіл күйін бақылайды. Затты тыққан жері аталғанда, өзін қанша ұстамды ұстаса да, тінтілетін адам көбіне қобалжыған көңіл - күйін білдіріп қояды, құты қашып асып-сасып қалады.

Жасырын, құпия жерді іздегенде тінтілетін адамның мамандығын, оның кәсіби қабілетін де ескерген жөн [2].

Қабырғадағы қуыс балғамен қаққан кезде күңгірт дыбыс береді, ол құлаққа естіледі. Жаңадан сырланған, жаңадан тұсқағаз жабыстырылған жер болса осы жерді аса ұқыптылықпен қарау керек, қабырғадағы суреттер де алынып қаралады. Металдан жасалған асыл бұйымдарды іздеуге арнаулы құрал-жабдықтар пайдаланылады.

Ұйымдастыру тәсіліне орай тінту екі түрге — *қайтара тінту* және *топтасып тінту* түріне бөлінеді. Алғашқы тінту оған қолайсыз жағдайда жүргізіліп ойдағыдай нәтиже бермеген, тінтуші жұмысқа жедел тартылып, оның қолында қажетті құрал-жабдықтар жеткілікті болмай, тінтуге көмектесетін арнаулы мамандар немесе басқа да қатысушылар жетіспей, тінтудің сапасына нұқсан келтірілген алғашқы тінту кезінде кейбір жерлердің назардан тыс қалып немесе асығыс тінтіліп, тергеу ісіне нұқсан келтірген, сондай-ақ алғашқы тінту кезінде оқиғаға қатысты айғақ заттар болмаған, оны

жаңадан іздестіру қажеттігі туған немесе қылмыскер алғашқы жасырып қалған заттарын кейін бұрынғы орнына қойған жағдайларда тінту қайтара жүргізіледі. Топ болып тінту кезінде операцияны бір мезгілде, үйлесімді жүргізудің маңызы айрықша. Бұл қылмыскерлердің бір-бірімен байланыс орнатып, әр түрлі айла-әрекеттер қолданып, жазадан құтылып кетудің жолын кеседі. Тінтуді топтасып жүргізген кезде де оған дайындық және оны өткізу жеке-жеке жүргізіледі. Алайда, олардың бәрі бір жоспарға бағындырылып, бір жетекшінің басшылығымен ұйымдастырылады.

Тінту немесе алу жүргізетін адам осы Кодекстің 203-бабында көзделген талаптарды сақтай отырып хаттама жасайды. Хаттамада заттар немесе құжаттар қай жерде және қандай жағдайда табылғаны, олардың ерікті түрде берілгені немесе мәжбүрлеп алынғаны көрсетілуге тиіс. Барлық алынған заттар хаттамада саны, мөлшері, салмағы, өзіндік белгілері және мүмкіндігінше бағасы дәл көрсетіле отырып жазылуға тиіс. Егер тінту немесе алу жүргізген кезде алынуға жататын заттарды немесе құжаттарды жою немесе жасыру әрекеттері жасалған болса, бұл хаттамада қолданған шаралар көрсетіле отырып жазылуға тиіс. Тінту немесе алу хаттамасының көшірмесі олар жүргізілген адамға не оның кәмелетке толған отбасы мүшесіне, ал олар болмаған жағдайда тұрғын үй пайдалану ұйымның немесе жергілікті атқарушы органның өкіліне олардан қолхат алынып тапсырылады. Егер тінту немесе алу ұйымда жүргізілсе, онда хаттаманың көшірмесі оның өкілдеріне қолхат алынып тапсырылады [3].

Операцияның жетекшісі оның барлық қатысушыларына нұсқау беріп, тінтудің басталар мезгілін белгілеуге, аяқ астынан туған шараларға, айталық, тінтуді қайтара жүргізу қажет болған кезде, қосымша күш бөлуге міндетті. Тергеу әрекеті хатталады. Онда қандай заттың қай жерден табылғаны, заттың ерікті не еріксіз түрде алынғаны, ол заттардың қалай сақталғаны көрсетіледі. Заттарды бейнелегенде оның сезік тудыратын белгілерін қағазға түсірудің қажеті жоқ. Алынған заттар тінтуге қатысушылардың көз алдында қолдары қойылып, мөрленеді. Хаттамада қай заттың кімнің жауапкершілігімен сақтауға қойылғаны, қатысушылардың арыз - өтініштері де көрсетіледі. Оған тінту барысында түсірілген фотосуреттер қоса тіркеледі. Хаттаманың көшірмесі тінтілген адамға беріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Криминалистика оқулығы, Е.Ф.Жәкішев, Ә.А.Исаев, Г.Х. Найманова, Р.Б.Тапалова, Н.С.Темірболат, Алматы «Қазақ университеті», 2005 жылы
2. <http://stud24.ru/criminalistics/dalarpzhopezkkl/434471-1631949-page8.html> ғаламтор парақтарынан
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс – жүргізу кодексі, 13 желтоқсан 1997 жыл

СОДЕРЖАНИЕ

Абдрахман А.Д. Қылмыстан сақтандыру және сот билігі.....	
Абдрахметова А., Жоламанова Н. Адвокаттық қызметті ұйымдастыру.....	
Абен Т.А. Жеке басы белгісіз мәйіттерді криминалистикалық есепке алудың мәселелері.....	
Адамбеков А.А. Қазақстандағы ювеналды юстицияның дамуы және қызмет атқару ерекшеліктері.....	
Айнакулова Д. Этика адвоката.....	
Асқарқызы Ә. Кісі өлтірудің тергеу әрекеттерінің ерекшеліктері.....	
Асубаева А.С. Криминалистикалық одорологияның қылмысты ашудағы маңызы.....	
Асубаева А., Джаугаштина А. Қылмыстық сот ісін жүргізуде бәсекелестік принципінің қылмыстық процессуалдық мәселелері.....	
Әбдіқожаева А., Базарлинова А. Адвокаттық құпия және адвокаттың кәсіби әдебі.....	
Әшімбаева А.М. Проблемные вопросы уголовно-правовой и криминалистической характеристик угона и кражи транспортных средств.....	
Байбалаев А.Б. Кәметке толмағандардың құқық бұзуға бейім мінез-құлқы және оның алдын алудың проблемалары.....	
Баймбетова Л.Т. Криминалистикалық болжамдар және олардың қылмыстарды ашу мен тергеудегі рөлі.....	
Байшуахов А.М. Специфика судебной речи.....	
Балтабаев А.Ғ. Бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі ұйымдасқан қылмыстық топтардың тарабынан орын алатын бопсалау қылмысымен күресу болып табылады.....	
Болатбекқызы Ә. Адамның аяқ іздерін зерттеудің мәселелері.....	
Бураханова А.Н. Некоторые особенности женской преступности.....	
Дарибаева Қ.Б. Жаңа құқықтық саясат тұжырымдамасы.....	
Даутова Н. Судебное красноречие.....	
Даутова Н. Некоторые особенности допроса как разновидности общения... ..	
Джаугаштина А.К. Хабар-ошарсыз кеткен тұлғаларды криминалистикалық есепке алудың мәселелері.....	
Dzhumakhanbetova E. Qualification of an unfinished crime.....	
Дүйсенбай Р.М. Тонау бойынша жүргізілетін алғашқы және кейінгі тергеу әрекеттері мен жедел-іздістіру шаралары.....	
Ем М. Проблемы участия законного представителя в допросе несовершеннолетнего подозреваемого, обвиняемого на предварительном расследовании.....	
Ералиева К.Ш. Проблемы прокурорского надзора за законностью исполнительного производства.....	
Естібай А.А. Проблемы педофилии среди молодежи.....	
Жұмақұлова А.М. Ақша белгілерінің техника – криминалистикалық сараптамасы.....	

Жумаханова Х.Ж. Телефонды сөйлесімдерді тындаудың құқықтық аспектілері.....	
Жумаханова Х.Ж. Қорқорды қорғайтындар «қор» болды.....	
Ибраева А.Ч. Проблемы профилактики преступлений, совершаемых детьми с девиантным поведением.....	
Ибрашев Н.М. Қорқытып алушылық қылмысы бойынша кейінгі тергеу әрекеттерінің тактикалық ерекшеліктері.....	
Ильяшева Д.Б. Адвокатская тайна.....	
Итахунова Г. К вопросам предупреждения насилия над женщинами.....	
Кабен Н. Проблемы предупреждения женской преступности.....	
Каймулдинова П. Трасология.....	
Калилаханов А. Значение обвинительной речи прокурора в судебном разбирательстве.....	
Кожаметова А. Участие адвоката в гражданском процессе.....	
Кудабаева А.Б. Кәмілеттік жасқа толмағандардан жауап алудың ерекшелігі.....	
Кусаинов А.Г. Доказательственная речь (как должна звучать убедительная речь).....	
Макрушин А.О. Виды судебных речей и их особенности.....	
Малқарбаева М. Общеуголовная корыстная преступность.....	
Мәулен Қ.Ә. Ізін суытпай қылмыстарды тергеудің әдістемесі.....	
Мірәлиева М., Үмбет А. Қазақстан Республикасында адвокаттық қызметінің мәселелері.....	
Мукажан А. Проблемные вопросы квалификации хулиганства.....	
Муратова А. Қазақстан Республикасында кәмілетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы.....	
Нұрланұлы Б. Қылмыстан сақтандырудың жүйеленуі.....	
Омарова М.С. Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының биліктің басқа да тармақтарымен өзара байланысы.....	
Омарова Н., Омарова М. Шет мемлекеттеріндегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы.....	
Өрісбаева З.Т. Жол-көлік оқиғасын тергеу әдістемесі.....	
Сағынаева Ұ.С. Криминалистикалық есепке алу және оның қылмысты ашу мен тергеудегі рөлі.....	
Сағынбаева Ә.Е. Қылмыстық заңды дамыту – негізгі құқықтық қажеттілік.....	
Сандыкбаева А. Причины и условия преступности несовершеннолетних.....	
Сатыбалдина С.К. Тінту тактикасының ерекшеліктері.....	
Сембай Д. Жауап алу тактикасының ерекшеліктері. Кәмілет жасқа толмағандардан жауап алу немесе жауап алғанда қолданылатын тактикалық әдістер.....	
Серик М.Т. Обстоятельства, исключющие участие адвоката в качестве защитника.....	
Серікбаев А.М. Криминалистикалық одорология және оның қылмыстарды ашу мен тергеудегі маңызы.....	

Тастанов А.Д. Азаматтық істер бойынша адвокат өкілдің рөлі: құқықтық негіздемелері.....	
Тойшыбаева А. Судебная речь.....	
Торбек А.С. Адвокат в уголовном процессе.....	
Төлмұратова А.Т. Адвокаттық құпия.....	
Халимназаров Б. Некоторые вопросы деятельности органов прокуратуры в Республике Казахстан.....	
Хильман А.И. Телефонды сөйлесімдерді криминалистикалық қамтамасыз ету.....	
Шарафи С. Проблемы оперативно-розыскной деятельности.....	
Шукуралиев Ф. Некоторые вопросы модернизации правоохранительной системы.....	
Ягмусова А. Эвтаназия: проблемы квалификации и правового закрепления...	